

"Жануарлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың міндетті түрде алыну мен жойылу Актілер формасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 328 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 7-1/329 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жануарлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың міндетті түрде алыну мен жойылу Актілер формасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 328 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2395 болып тіркелген, «Официальная газета» газетінің 2003 жылғы 19 шілдедегі № 29 (134) санында жарияланған) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж о л д а н у ы н ;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Мамытбеков